

Д.А. Уақасов

Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан  
(E-mail: nurmaganbetov79@mail.ru)

## Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының іздеу қызметі

Мақалада қылмыстылықпен күрестегі Қазақстан Республикасындағы ішкі істер органдарының іздеу қызметінің мәні мен маңызы, тарихи аспектілері және ұйымдастырушылық ерекшеліктері қарастырылды. Криминалды полиция аппараттарының іздеу қызметін жүзеге асыру барысында шешілетін міндеттер зерделенді. Сонымен қатар жеткілікті ғылыми-теориялық және практикалық тұрғыда іздеу қызметі мен іздестіру қызметіне салыстырмалы талдау жүргізілді. Соның нәтижесінде олардың неғұрлым айқын айырмашылықтарын анықтауға талпыныс жасалып, іздеу қызметіне толық түсініктеме берілді.

*Кілт сөздер:* ішкі істер органдары, жедел қызметкер, криминалды полиция аппараттары, жедел топ, іздеу топтары, тергеуші, тергеу органдары, жедел-іздестіру қызметі, іздеу іс-шаралары.

Қазақстан Республикасының Конституциясымен бекітілген мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы — адамды, адамның өмірін және құқықтары мен бостандықтарын [1] сақтау барысында ішкі істер органдарының алдарына Қазақстан Республикасының «Ішкі істер органдары туралы» Заңымен қойылған міндеттерге сәйкес және өздерінің құзыреті шегінде қылмыстарды ашуға, қылмыс жасаған, бірақ анықтамаған, тергеуден және соттан бой тасалаған, қылмыстық немесе әкімшілік жазаларын өтеуден жалтарған, хабар-ошарсыз жоғалып кеткен адамдарды, сондай-ақ ұрланған мүлікті іздеуді жүзеге асыруға міндетті [2].

Еліміздегі күрделі саяси және қоғамдық-экономикалық жағдайларға қатысты қалыптасқан өзгерістерде қылмысқа қарсы белсенді әрекет ету мәселесі негізделген түрде алғашқы кезектегі мемлекеттік іс-шаралар тізіміне енді. Мемлекет азаматтардың жеке және мүліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндетін қанағаттанарлық түрде атқаруға тырысатыны сөзсіз. Алайда қоғам құқық қорғау органдарынан ойларынан шығар статистикалық мәліметтерді емес, айқын іс-қимылдарды және солардың нәтижелерін күтуде. Бұндай сипаттағы бұрыннан туындаған талапты қолдану қылмыстардың кез келген түрімен күресу үдерісінде түбірлік өзгерістер жасауға бағытталған материалды-қаржылық, ғылыми-әдістемелік және басқа да жағдайларды жасауға деген мақсат пен жүйелі көзқарас арқылы қамтамасыз етілуі қажет.

Егер қалыптасқан қарапайым тергеу жағдайында (қақтығыссыз немесе мәселесіз) алғашқы мәліметтер жедел көңіл бөлінетін ақпарат қайнар көздерін қамтымай, дәлелдемелер жинау жолында қиындықтар туындаса, тергеу үдерісі ақпараттық қамтамасыздандыру жұмысына келіп тіреледі. Дәл осы мезетте іздеу қызметі шешуші рөл атқарады. Ол тергеудің алғашқы сатысында ғана емес, келесі және қорытынды сатыларында да жүзеге асырылуы мүмкін.

Кейбір қылмыстар өздерінің латенттілігіне байланысты анықталмай қала береді. Ал көптеген қылмыстардың ашылмай қалуына негізгі себептердің бірі ретінде жасалған қылмыстардың іздерін, қылмыс жасауда сезіктілерді дер кезінде анықтамау немесе осы мақсаттағы іс-шаралар кешенін уақытылы және тиімді жүзеге асырмау орын алады. Бұл аталған көкейкесті мәселе қылмыстарды тек ашу барысында ғана емес, сонымен қатар тергеу үдерісінде жүзеге асырылатын іздеу қызметінің тиімділігіне қатысты қозғалып отыр. Осыған сәйкес, қылмыстарды ашу мен тергеу барысындағы іздеу қызметін түбегейлі жетілдіруге бағытталған өзекті мәселелердің кешенін өңдеу айрықша маңызға ие жұмыс болып табылады.

Қылмыспен күресудің тиімділігі көптеген факторларға, соның ішінде ғылыми зерттеулердің маңыздылығын арттыруға, жедел-іздестіру қызметі теориясы мен криминалистика ғылымының қарқынды дамуына, олардың құқық қорғау органдарының тәжірибелік қызметіне жедел енгізілуіне тәуелді болып келеді. Құқық қолдану тәжірибесі бұрыннан бері қылмыстарды ашу мен тергеудің ұйымдастырушылық, тактикалық, процессуалдық, соның ішінде іздеу құралдары мен әдіс-тәсілдерін жетілдіру бойынша кешендік ғылыми өңдеулерді қажет етеді.

Қылмыспен күресуде тиімді нәтижелер алудың қажетті жағдайы болып құқық қорғау органдары қызметінің жоғарғы ғылыми және кәсіптік деңгейі және қылмыстарды ашу мен тергеудің ғылыми

әдіс-тәсілдерін кеңінен жедел-тергеу тәжірибесіне енгізу табылады. Бұл жедел-тергеу тәжірибесін түбегейлі талдау, заң және басқа да ғылымдар кешенінің жетістіктерін қолдану негізінде қылмыстарды ашу мен тергеу бойынша құқық қорғау органдары қызметінің ғылыми негіздерін өңдеуді талап етеді.

Сонымен қатар соңғы онжылдықтардағы іздеу қызметі теориясы мен тәжірибесінің өзекті мәселелерін кешендік зерттеу жұмыстарының жеткіліксіздігі көптеген маңызды сұрақтардың тым аз зерттелуіне және нағыз шығармашылық пікірлердің қажетті деңгейде дами алмауына әкеліп соқты. Бұл, ең алдымен, іздеу қызметі теориясының неғұрлым жалпы мәселелеріне және оның интеграциялық үдерісін заңи тұрғыда зерттеуге қатысты.

Біздің көзқарасымыз бойынша, ғылыми білімдердің интеграциялық үдерісін ұғыну қылмыстарды ашу мен тергеудің тиімділігін мақсатты түрде жоғарылатуға мүмкіндік береді, ал осы тұрғыдағы кешендік көзқарас ғылыми зерттеулердің неғұрлым жалпы және тиімді құрылымдарының нақты нысандарын анықтауға жол ашады.

Іздеу қызметінің түсінігіне қатысты көлемі жағынан үлкен және мазмұнды көзқарас қалыптасқан, бұл оны тергеу, жедел-ізвестіру, тексеру, ревизиялық, ізвестіру іс-қимылдарының нәтижесінде жүзеге асырылатын үдеріс ретінде анықтайды. Алайда іздеу қызметінің жалпы сипаттамасы мен ұйымдастырушылық-басқарушылық негіздері бүгінгі күнге дейін көбінесе ізвестіру қызметімен аралас күйде зерттеліп келеді де, біздің ойымызша, ізвестіру қызметінен ауқымырақ түсінік ретінде көрініс алып, өз кезегінде, жаңа ғылыми көзқарастармен қамтамасыз етілуді талап етуде.

Кейбір авторлар тергеу қызметіндегі іздеу жұмысын немесе іздеу қызметін қарастырғанымен, олардың маңызды аспектілерін ашпайды [3; 5].

*Іздеу* терминінің тарихына келетін болсақ, ол праславяндық (прайдты-еуропалыққа жақын) этимологиямен байланысты: «iskati» — ескі славяндық тілде — *iskat*, славяндық тілде — *iskati*, ескі чех тілінде — *jskati* [4; 238].

Бұл сөз бұрынғы праславяндық тарихта әр түрлі славяндық тілдерге тарап қана қоймай, славяндық жазбалардың бұрынғы ескерткіштерінде көрініс табады. Мысалы, И.И. Срезневский өз еңбегінде негізгі де алғашқы «бір нәрсені табуға тырысу» сөзтіркесінен шығатын бірнеше түсініктердің тізімін ұсынады [5; 1113–1115].

Іздеу терминінің маңызы қазіргі күнге дейін сақталғанымен, оның қызметтік міндеті басқа лексикалық құралдардың кесірінен әлсіреп отыр. Сонымен, «іздеу» — *табуға тырысу*, демек, *іздеуді жүзеге асыру* [6; 218].

Басқаша айтқанда, «іздеудің» мағынасы біреудің іс-қимылы арқылы біреуді немесе бір нәрсені табу қажеттілігімен түсіндіріледі. Бұл анықтама ақпаратқа толы болмаса да, осы терминнің жалпы мағынасын бере алады. Олай болса, оның көмегімен «іздеу» терминінің мазмұнын барлаулық, ұғынушылық, бағыттау, ізвестіру және тексеру сипатындағы іс-қимылдар мен іс-шаралардың кешенін құрайтыны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Іздеу іс-қимылдары мен іс-шаралары процессуалдық және ашық әдістермен, сонымен қатар жасырын тәсілдермен немесе аталғандарды ұштастыру жолымен жүзеге асырылады. Психологтар К.К. Платонов пен Г.Г. Голубевтің пікірлеріне сүйінсек, әрбір қызмет түрі өзіне тән мақсаты, дағдысы мен іс-қимылының болжамды нәтижесі бар құрылым болып табылады [7; 59]. Іздеу қызметі адамзат іс-қимылдарының көп қырлы түрлерінің бірі бола тұра, олардың басқа түрлерінен, ең алдымен, өзінің объективтілік мазмұнымен ерекшеленеді.

А.Н. Леонтьевтің көзқарасы бойынша, психологияда ол басқа адамдардың іс-қимылынан ерекшеленуі мүмкін еместігі және біріккен қызмет екендігі ашық түрде жарық көреді [8; 9]. Іздеу қызметінің өзекті мәселелері жедел-ізвестіру қызметі ғылымында қылмыспен күресудегі тәжірибелік маңызын көрсете отырып, осы ғылымның даму тарихында әдебиет қайнар көздерінде көрініс тапқан [9; 170–205].

Бірақ бұл жеке теория зерттеулік толықтыруларды қажет етеді. Маңызы мол сұрақ болып іздеу мен ізвестіру қызметтері түсініктерінің анықтау мен тергеу органдары қызметтеріндегі тәжірибелік мазмұны табылады, себебі бұлар теориялық қана емес, тәжірибелік мағынада да жоғары деңгейдегі маңыздылыққа ие болып отыр. Бұндай жағдай бір қызметті бірнеше атаумен немесе әр түрлі қызметтерге бір терминді қолдану салдарында зерттеушілердің өзара түсінушіліктеріне қарсы әсер етеді, тиімді нәтижелер алуға кедергі жасайды.

Басқаша айтқанда, бұл сұрақты түсінбеудің салдарынан тексерілмеген ұсыныстар жарық көреді де, оларды қолдану қылмыстарды тергеу бойынша жұмыстың тиімділігін төмендетіп қана қоймай, сонымен қатар қалыптасқан заңдылықты бұзуға әкеліп соғады. Әдебиеттердің басым бөлігінде іздеу қызметінің түсінігі мен мазмұнына деген нақты көзқарас жоқ. Кейбір авторлар іздеу қызметін жасырын жедел-ізвестіру немесе ашық ізвестіру жұмысымен байланыстыра отырып, іздеу қызметі толығымен ізвестіру қызметіне сәйкес келеді деген, біздің пікірімізше, бұрыс пікірін білдіреді [10; 11].

Заң әдебиеттерінде басқа көзқарастар да көрініс табады. Көптеген авторлар жедел-ізвестіру іс-шаралары мен ізвестіру іс-қимылдарын өзіндік жеке іс-шаралардың түрлері деп санайды. Ал екеуінің бір-бірінен айырмашылығына келгенде, бұл көзқарас мүлдем өзгереді. Мысалы, А.Г. Лекарь мен Д.В. Гребельский бұл айырмашылық олардың нақты мақсаттарында деп санаса (бұл еңбектер құпиялықтың шектеулік белгісі бар басылымдарда жарық көрген), басқалары құралдары мен әдістерінің сипатында деп түсінеді [12; 13], үшіншілері іздеу мен ізвестіру қызметін ерекшелемей, бұл терминдерді алма-кезек қолдана береді [13; 57–62].

Осылайша, іздеу қызметі қатаң ғылыми негіздерге сүйенеді, алайда, өкінішке орай, олар әлі де қалыптасу сатысында. Іздеу қызметі тек қана жедел-ізвестіру қызметі, қылмыстық процессуалдық және криминалистика ғылымдарының жалпы негіздеріне сүйеніп қана қоймай, жеке теориялар мен тергеу әдістемелерінің кешеніне негізделеді, оның ішінде жедел көңіл бөлінетін ақпарат қайнар көздерін анықтау мен өңдеу бойынша ерекше тәсілдерін қамтиды.

Қысқасы, *іздеу қызметі* — бұл осы үдеріске қатысушылармен және оны ұйымдастырушылармен әр түрлі объектілерді тиімді анықтау және табу.

Әр түрлі объектілерге төмендегілерді жатқызуға болады:

- жәбірленуші, куәгер, сезікті дәрежесіне ие болуы мүмкін тұлғалар;
- мәйіт және мәйіт бөлшектері;
- заттар, соның ішінде ұрланған заттар (киім, аяқ киім, бейнеаппаратура, бағалы заттар және тағы да басқалары);
- қылмыс іздері (қолдың, аяқтың, көлік құралының және атыс қаруларының іздері);
- қылмыс құралы — қылмыс жасауда қолданылуы мүмкін ату, суық қарулар және басқа заттар (саймандар, қайралған темірлер, біздер және тағы басқалары);
- мемлекеттік және шетелдік ақша құралдары, соның ішінде құнды қағаздар;
- құжаттар (төлқұжаттар, жүргізуші куәліктері, соның ішінде жалға беру, сату және сатып алу келісім-шарттары, анықтама-шоттары және тағы басқалары);
- қылмыстық іс-қимыл заттары (есірткілер, контрабанда объектілері, қолдан жасалған ақша құралдары және тағы басқалары);
- көліктік құралдар (автокөліктер, мотоциклдер, мопедтер және тағы басқалары);
- жануарлар (үй және жабайы жануарлар, олардың мәйіттері, терілері мен қалдықтары).

Іздеу қызметінің негізгі субъектілері болып Ішкі істер министрлігінің, Прокуратураның, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, өзге де жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органдардың жедел қызметкерлері мен тергеушілері саналады. Соның ішінде іздеу субъектілерінің арасындағы маңызды рөл атқаратын құқық қорғау органдарының және әр түрлі ведомстволық аппараттардың лауазымды тұлғаларын (бақылаушы-тексерушілер) айта кеткен жөн.

Осылайша, іздеу қызметіне қажетінше түсінік бере келе, оның ізвестіру қызметінен айырмашылығын талдай кеткен жөн.

Егер тәсілдік операция барысында ізвестірудегі қылмыскерге жалпы белгілерімен ұқсас адамдар тобы ұсталса, онда ізвестіру қызметі барысындағы тексеру үдерісі (сәйкестендіріп іріктеу) тиімдірек, ал алынатын нәтиже маңызды түрде сенімдірек, себебі ізвестірудегі қылмыскердің белгілі жеке белгілері жүргізіліп жатқан операцияның тиімді нәтижелерін маңызды түрде жылдамдатуға және жоғарлатуға мүмкіндік береді.

Керісінше, ізвестірудегі объектілер туралы жалпы, ал кейде болжамды белгілерден тұратын маңызсыз ақпарат базасы көрсетілген іздеу қызметін жүргізу барысы күрделі қиындықтарға әкеліп соғады және жиі түрде сенімсіз нәтижелерге әкелетін қосымша іс-шаралар кешенін, соның ішінде жедел-ізвестіру іс-шараларын жүзеге асыруды талап етеді.

Жоғарыда айтылғандай, ізвестіру барысында объектілердің болжамды жасырыну орындары туралы мәліметтерге ие жедел көңіл бөлінетін ақпарат қайнар көздерінің топтары анықталады да, кейінірек сәйкес процессуалдық нәтижелермен (ұстау, тінту, алу және т.б.) байланысты оларды табу

бойынша нақты бағытталған жұмыс жүзеге асырылады. Іздестірудегі объектілерді нақтылауға және, тіпті, жекелеуге мүмкіндік беретін қосымша мәліметтер алуға болатын жедел көңіл бөлінетін ақпарат қайнар көздері анықталады (тууы-өлуі туралы ақпарат, фотосуреттер, сыртқы пішін белгілері, ұрланған заттардың толық түсінігі, олардың нөмірлері және т.б.).

Сонымен қатар іздестіру барысында жүзеге асырылатын іс-қимылдар, іс-шаралар қылмыстық істің нақты жағдайлары анықталғанда, бекітілгенде және дәлелденгенде, қылмыстарды ашу және тергеу қызметіне сәйкес келеді (жағдай, кінәлінің жеке тұлғасы, жәбірленуші, қылмыстық іс-әрекеттер, олардың тәсілі, мінезі және келтірілген зиянның мөлшері т.б.). Осы қызмет барысында жүзеге асырылатын іс-шаралар мен олардың кешені (көліктік құралдарды процессуалды тексеру түріндегі тәсілдік операциялар) жоғары деңгейдегі бағыттылығымен және таңдаулығымен ерекшеленбесе де, топтық белгілермен сипатталатын іздеудегі объектілерді табуға бағытталады. Бұл іс-шараларды дұрыс ұйымдастыра білгенде ғана тиімді нәтижелер алынады.

Әрине, іздеудегі объектілерді тапқанда, анықтаулы процессуалдық іс-шаралар жүзеге асырылады (ұстау, тінту, алу және т.б.). Біздің ойымызша, «үлкен мағынадағы іздестіру» қызметін қылмыстық істің жағдайларын дәлелдеуге бағытталған қызметті қоса (дәлелдемелер алу, реттеу, бағалау және қолдану), қылмыстарды ашу және тергеу барысындағы іздеу қызметі ретінде қарастырғанымыз дұрыс. Іздеу объектілерінің белгілері туралы толық ақпарат алғанда ғана (мысалы, сезіктінің жеке тұлғасы немесе ұрланған бағалы заттар туралы нақты мәліметтер), қылмыскерді іздестіру жүзеге асырылады.

Іздеу және іздестіру қызметін жекелеп зерттеу екеуіне де қатысты негізгі де жалпы мазмұнды белгілерді анықтайды және екеуін қылмыстардың алдын алуда, ашуда және тергеуде жүзеге асырылатын «құқық қорғау органдарының іздеу-іздестіру қызметі» деген қызметтік бағытқа біріктіруге мүмкіндік береді.

Бұл жалпы белгілер, біріншіден, іздеу және іздестіру қызметтерінің барлаулық маңызын, олардың процессуалдық және жиі кездесетін процессуалдық емес ақпарат алу бағытын, іздеу және іздестіру міндеттерін шешу жұмыстарын қамтиды. Екіншіден, олардың жалпы белгілеріне іздеу және іздестіру қызметінің нәтижесінде алынған мәліметтердің ақпараттық қамтамасыз ету және тәсілдік қамтамасыз ету сипаты жатады. Шындығында, іздеу және іздестіру мәліметтерін алу қорытындылық сипатқа ие емес, ол тек қана тергеу әрекеттері үшін ақпараттық және тәсілдік сипатқа ие болғанымен, негізінен, қылмыстық істер үшін маңызды жағдайларды дәлелдеу жұмысында алатын орны биік.

Іздеу және іздестіру қызметі тергеу, жедел-іздестіру және басқа да процессуалдық емес іс-шараларды жүргізу нәтижесінде жүзеге асырылады деп санасақ, бұл жерде олардың арасында ешқандай айырмашылық жоқ және болуы мүмкін емес деуге болады, сонымен қатар бұл кешенді іздеу және іздестіру қызметтерін біріктіретін жалпы белгілерінің бірі болып табылады. Олардың қызметтік аумағына келсек, іздеу және іздестіру болжамдарымен ерекшеленеді.

Іздеу және іздестіру болжамдарының айырмашылығы келесіде:

Біріншіден, іздеу объектілері субъектілерге (тергеушілерге, жедел қызметкерлерге) белгісіз. Тіпті, жалпы белгілері туралы мәлімет болған жағдайда, іздеу іс-шараларының тиімділігі азын-аулақ қана арта түседі. Ал, іздестіру объектілеріне келсек, онда олардың жеке тұлғалары немесе олар туралы нақты мәліметтер, соның ішінде айрықша белгілері мен қосымша мәліметтер тергеушілер мен жедел қызметкерлерге мәлім болып келеді.

Екіншіден, іздеу болжамдарының негізгі қызметі іздеу объектілері туралы жедел көңіл бөлінетін ақпарат қайнар көздерін анықтаудан тұрады. Себебі олардан қылмыс жасаған тұлғалар, анықталмаған жәбірленушілер, дайындалып жатқан қылмыстың жасалу орны мен уақыты туралы мәліметтерді алуға болады.

Іздеу болжамдарының ақпараттық базасын құрастыру барысында, біз бір қарағанда көзге ілінбейтін, маңызды белгілер мен әр түрлі жағдайлардың жасырын орналасқан байланыстары мен қатынастарын байқаймыз. Олар ақпараттардың қатаң бірлігі мен ойтізбегін құрайтын кешенді кездейсоқтарды қорытындылайды.

Іздестіру болжамдарының негізгі қызметі іздестіру объектілерінің болжамды бой тасалау орындарын анықтауды қамтиды. Іздеудің де, іздестірудің де болжамдары «жорамалды» қызмет атқарады. Сол себептен, олардың тексеру жұмыстарының негізгі тәсілі болжамдық ұсыныстарды нақты түрде бекітуден, растаудан немесе олардан бастартудан тұрады. Мысалы, іздеу болжамдары қылмыс жасаған тұлғалар туралы маңызды да нақты мәліметтерді хабарлай алатын болжамды

куәларды анықтаса, іздестіру болжамдары қылмыскердің бой тасалаған орнын анықтап, оны ұстауға мүмкіндік береді.

Сөйтіп, іздеу және іздестіру қызметі бойынша жүргізілген салыстырмалық талдау төмендегідей *екі қызметтік бағытты* анықтауға мүмкіндік берді:

*Бірінші бағыт* — қылмыстық іске маңызды барлық мән-жайлар туралы (дәлелдеу элементтері мен қосымша мәліметтер), соның ішінде әр түрлі іздеу объектілерінің ерекше белгілері туралы ақпараттардың қайнар көздерін анықтаудан тұратын *іздеу қызметі*.

Аталмыш қызметтің мазмұнын, біріншіден, іздеу объектілерінің шеңберін ақпараттық шектеуге (қысқартуға) бағытталған (*бірінші кезең*), екіншіден, осы объектілерді жекелеуге мүмкіндік беретін жеке белгілерін алуға бағытталған іздеу-барлау, іздеу-бөгеу, іздеу-талдау және ақпараттық-бағыттау шаралары құрайды (*екінші кезең*).

*Екінші бағыт* — іздеудегі объектілердің жасырыну орындары туралы жедел көңіл бөлінетін ақпарат қайнар көздерін анықтаудан, олар туралы процессуалдық және процессуалдық емес тұрғыда мәлімет алудан және оларды нақты табудан құралатын *іздестіру қызметі*.

Іздеу және іздестіру қызметінің екінші бағытта қарастырылған айрықша түрін *іздестіру* деп атаған жөн. Бұл пікірді әр түрлі дәрежеде көптеген криминалистер қолдайды [6; 9; 10].

Сөйтіп, жоғарыда көрсетілген мағлұматтар іздеу-іздестіру қызметінде іздеу және іздестіру деген екі негізгі бағыт көрініс табатынын айқындайды. Талдау жұмыстарына негізделе отырып, бұл екі жекеленген бағыттарға олардың өзара ерекшелейтін айырмашылықтарын көрсету арқылы жекеленген тұрғыда түсініктеме беруге талпыныс жасаймыз:

*Іздеу қызметі* — іздеудегі объектілердің не шеңберін қысқартуға, не нақты іздеудегі объектіні жекелеуге, не осы екі іздеу операциясын бірінен кейін бірін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін іздеудегі объектілер туралы жедел көңіл бөлінетін ақпарат қайнар көздерін анықтауға бағытталған іс-шаралар кешені.

*Іздестіру қызметі* — объектілердің орналасу орны туралы жедел көңіл бөлінетін ақпарат қайнар көздерін анықтауға немесе нақты мәлімет алу арқылы оларды айқын табуға бағытталған іс-шаралар кешені.

Сонымен қатар жүргізілген талдауға негізделе отырып, қазіргі уақытта жаңа ғылыми көзқарастарды талап ететін іздеу қызметіне бұдан да жалпы түсініктеме ұсынуға болады:

*Іздеу қызметі* — қылмыстық іс үшін маңызды барлық мән-жайлар (дәлелдеу элементтері мен қосымша мәліметтер) туралы, соның ішінде әр түрлі іздеу объектілерінің ерекше белгілері туралы жедел көңіл бөлінетін ақпарат қайнар көздерін анықтауға бағытталған, ал қажетті жағдайларда қылмыстарды ашу мен тергеу барысында оларды табу (ұстау, алу) мақсатында олардың орналасу орны туралы ақпаратты анықтауға бағытталған процессуалдық әрекеттер, процессуалдық емес ашық және құпия сипаттағы іс-шаралар арқылы жүзеге асырылатын ерекше (арнайы) қызмет.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда Республикалық референдумда қабылданды. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_)
- 2 Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 199-V «Ішкі істер органдары туралы» Заңы. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000199>
- 3 Васильев В.Л. Юридическая психология. — М.: Юристъ, 1991. — 246 с.
- 4 Этимологический словарь славянских языков. Праoslavянский лексический фонд. — № 8 вып. — М.: Наука, 1981. — 352 с.
- 5 Срезневский И.И. Материалы для Словаря древнерусского языка. — 15-т. — М.: Юрид. лит., 1958. — 1856 с.
- 6 Ожегов С.И. Словарь русского языка. — М.: Прогресс, 1986. — 422 с.
- 7 Платонов К.К., Голубев Г.Г. Психология. — М.: Юрид. лит., 1977. — 86 с.
- 8 Леонтьев А.Н. Анализ деятельности // Вестн. Москов. ун-та. 14 сер. Психология. — 1983. — № 2. — С. 52–55.
- 9 Белкин Р.С. Курс советской криминалистики. — М.: Юристъ, 1978. — Т. 2. — 306 с.
- 10 Попов В.И. Розыскная деятельность в системе уголовного процесса и криминалистики // Научные труды КазГУ. — Т. 8. — Алматы: Кітап, 1967. — 210 с.
- 11 Попов В.И. Розыск в широком смысле // Научные труды КазГУ. — Т. 10. — Алматы: Рауан, 1970. — 242 б.
- 12 Ларин А.М. Расследование по уголовному делу. Планирование, организация. — М.: Прогресс, 1970. — 208 с.
- 13 Ермеков М. Тергеу мен соттан жасырынып жүрген және хабар-ошарсыз кеткен азаматтарды іздестіруді ұйымдастыру және оның тактикасы // Хабаршы. — № 1. — 2001.

Д.А. Уакасов

## Поисковая деятельность органов внутренних дел Республики Казахстан

В статье рассмотрены сущность и значение, исторические аспекты и организационные особенности поисковой деятельности органов внутренних дел Республики Казахстан в борьбе с преступностью. Изучены задачи, решаемые в процессе осуществления поисковой деятельности аппаратами криминальной полиции. Также на достаточном научно-теоретическом и практическом уровне проведен сравнительный анализ поисковой и розыскной деятельности. В результате сделана попытка выявить их наиболее явные отличия, дано полное определение поисковой деятельности.

*Ключевые слова:* органы внутренних дел, оперативный сотрудник, аппараты криминальной полиции, оперативная группа, поисковая группа, следователь, следственные органы, оперативно-розыскная деятельность, поисковые мероприятия.

D.A. Uakassov

## Searching activity of organs of internal affairs of the Republic of Kazakhstan

In the given article are considered nature and meaning, historical aspects and organized specialties of searching activity of organs of internal affairs of the Republic of Kazakhstan at the fights against crime. The problems are studied, to be solved in the course of the search activity of criminal police apparatus. Also on sufficient scientific theoretical and practical level is taken comparative analysis of the search activity. As a result make the attempt to identify their most differences, is full defined search activity.

*Keywords:* internal organs, operational employee, apparatus of criminal police operational group, search group, investigator, investigational organs, operative-search practice, search actions.

### References

- 1 *Constitution of Republic of Kazakhstan 30.08.1995*, [ER]. Access mode: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_)
- 2 *Law about organs of internal Affairs of Republic Kazakhstan 23.04.2014*, [ER]. Access mode: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000199>
- 3 Vasiliev V.L. *Legal psychology*, Moscow: Iurist, 1991, 246 p.
- 4 Etimological dictionary of Slavic languages. Proto-Slavic lexical fund., 8, Moscow: Nauka, 1981, 352 p.
- 5 Sreznevskiy I.I. *Materials for the dictionary of ancient Russian language*, 15, Moscow: Yuridicheskaya literatura, 1958, 1856 p.
- 6 Ozhegov S.I. *Russian dictionary*, Moscow: Progress, 1986, 422 p.
- 7 Platonov K.K., Golubev G.G. *Psychology*, Moscow: Yuridicheskaya literatura, 1977, 86 p.
- 8 Leontyev A.N. *Bulletin of Moscow University*, 14 ser. Psychology, 1983, 2, p. 52–55.
- 9 Belkin R.S. *Course of Soviet criminology*, Moscow: Iurist, 1978, 2, 306 p.
- 10 Popov V.I. *KSU scientific works*, 8, Almaty: Kitap, 1967, 210 p.
- 11 Popov V.I. *KSU scientific works*, 10, Almaty: Rauan, 1970, 242 p.
- 12 Larin A.M. *Investigation by the criminal case. Planning, organization*, Moscow: Progress, 1970, 208 p.
- 13 Ermekov M. *Habarshy*, 2001, 1.